

**1.Сервистік қызметпен
айналысатын компания**

2.Транспорттық компания

Sulpak компаниясы Қазақстандағы тұрмыстық техника мен электрониканы сату салаасындағы көшбасшы ең ірі сауда компаниясы. Sulpak компаниясының негізін 1992 жылы Алмас Султангазин мен Андрей Пак қалады. Алғашында Sulpak Қазақстанның ірі қалаларындағы тұрмыстық техниканы мен электрониканы көтерме саудалауға маманданған болатын. 2001 жылы компания елдің барлық аймақтарында тұрмыстық техника мен электрониканы сату бойынша өзінің бөлшек саудамен айналысатын желілерін кеңейте бастады



Sulpak сауда жүйесі экономикада қалыптасқан кез келген жағдайда икемді. Сондықтан да бүгінгі таңда Sulpak Қазақстандағы тұрмыстық техника мен электрониканың ең ірі дистрибьюторы. Компания тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын әрдайым жетілдіріп отырады. Компания дамуындағы жаңа аты ретінде 2009 жылы интернет дүкеннің ашылуы болды. Енді тұтынушылар көрсетілген тауар туралы толық консультация алып қана қоймай, оны үйден шықпай-ақ сатып алуға толық мүмкіндігі бар. Компания мақсаты: тұтынушылардың әр сатып алуларын мерекеге айналдырып, лояльды тұтынушылар санын арттырып отыру.



7P

Тауар

Компания жоғары сападағы тұрмыстық техника мен электрониканы алып сатумен айналысады. Яғни әлемдік жетекші техника өндіруші компаниялар өндіретін таураларды сатып алып, оны өз еліміздің нарығында тиімді бағамен Қазақстан тұтынушыларына сатады. Мұның ішіне көрсетілетін қызметтер кіреді: мысалы, сатып алуға дейінгі, сатып алу кезеңіндегі және сатып алудан кейін көрсетілетін қызметтер.

Баға

Қызмет көрсету бағасы сату кезеңінде тегін. Сондай ақ сатып алудан кейін көрсетілетін қызметтер түрлерінің кейбіреулеріне тегін, ал кейбіреулеріне ақылы негізде жүзеге асады. Мысалы, техниканы сатып алған тұтынушыға жеткізу құны қала ішінде тегін, ал қаланың сыртына қашықтыққа байланысты сәйкесінше баға тағайындалады.



3D LED-телевизор
UE40ES6570



РОЗЫГРЫШ · 12 - 25.11

20
АВТО
+1 000 призов

* - Подарок будет выдан в виде товара, в эквиваленте 60 000 тенге.
См. условия акции на странице 60 000 тенге. Балластом выданы.

товар сертифицирован

159 990,-

3 555 тг/месяц



* - Кредитная программа не имеет первоначального взноса. Дополнительную информацию смотрите на странице 60 000 тенге. Балластом выданы. Товар сертифицирован. Точные условия акции на странице 60 000 тенге. Балластом выданы.

Жылжыту

Сулпак компаниясы ең белсенді жылжыту құралы ретінде жарнаманы пайдаланады. Аталмыш компания туралы жарнаманы біз кез келген жерден кездестіріп жүрміз. Әсіресе, теледидар мен билбордтардан, радиодан компания жасап жатқан скидкалар мен мерекелік науқандар туралы жарнамалар баршамызға таныс.

Орын

[Sulpak](#) Қазақстандағы тұрмыстық техника мен электрониканыың ең ірі желісі. Дәлел ретінде Респубикамыздың 30 ірі қаласындағы 79 дүкен: Алматы, Астана, Қарағанды, Павлодар, Атырау, Ақтау, Орал және т.б. қалалардың орталық аймақтарында және ең ірі халық көп баратын сауда орындарында орналасқан. Арнайы маманданған [Sulpak](#) сауда орталықтары ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келеді.



Адамдар

Sulpak компаниясының негізгі тұтынушылары ретінде 5 жастан жоғары адамдарды айтсақ болады. 5 жастан жоғары деп отырған себебім осы жас аралығынан бастап кішкентайлар әр түрлі ойындар ойнау үшін ойын приставкаларын сатып алады. Ал ары қарай, әр түрлі қажеттіліктеріне байланысты тауарларды әр түрлі жас ерекшеліктеріндегі тұтынушылар сатып ала алады. Ол: мысалы, студенттер, орта жастағы апай-ағайлар, тіпті үлкен ата-апалар.

Үрдіс

Дүкенге келген уақыттан бастап, өзіңіздің қалауыңыз бойынша сізге жақсы сападағы қызмет көрсетіледі. Яғни, сатушы-кеңесші сіз қажетсініп тұрған, талғамаңызға және сізге тиімді бағаға сай, қажетті тауарды таңдауға көмектеседі. Немесе өзіңіз олардың көмегінсіз таңдау жасап, дүкенді аралауыңызға әбден мүмкіндік бар.



Физикалық ортасы

Қажетті тауар сатып алуға келген соң, сіз сондай ақ әр түрлі скидкаларға ие болып, бонустық карталарды сыйға алуыңыз мүмкін. Сондай ақ өзге де тауар түрлерін сатып ала аласыз. Бұл ретте сізге осындағы қызмет ететін сатушылар жәрдемін береді.





Траспортқа байланысты Елбасы жолдауы

«Макроөңірлер «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде құрылатын біртұтас көліктік, логистикалық және коммуникациялық құрылым аясында бірігулері тиіс. Қазіргі кезде «Орталық – Оңтүстік», «Орталық – Шығыс», «Орталық – Батыс» шешуші бағыттары бойынша 11 жоба жүзеге асырылуда. «Боржақты – Ерсай», «Алматы – Шу» теміржол желілері мен Құрық портындағы паромдық өткел құрылыстары жүргізілуде. Бұл жобалар қазірдің өзінде 72 мың адамды жұмыспен қамтып отыр. Үкіметке аталған бағдарламаларды жүзеге асыру ісін белсенді ете түсуді тапсырамын»

Жол жүрісі туралы Заң

2014 жылы 17 сәуірде Мемлекет басшысы Қазақстандағы жол жүрісінің құқықтық негізі мен жұмыс істеуінің ортақ шарттарын белгілеуге және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған "Жол жүрісі туралы" заңға қол қойды. Сондай-ақ, Президент жол жүрісі саласындағы құқық бұзушылыққа жауапкершілікті күшейтуге, сондай-ақ заңнамалық актілерді "Жол жүрісі туралы" заңға сәйкестендіруге бағытталған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңға қол қойды.

"Жол жүрісі туралы" Заңда жемқорлық құқықбұзушылықтан сақтану үшін жүргізушіге инспектор көлігіне отыруға тыйым салынған. Сондай-ақ құжатта шығарылған мерзімі төрт жылдан аспаған жаңа автокөліктерді міндетті техбайқау



Транспорттық компания

«Green Logistics» транспорттық компаниясы 1996 жылдан бастап ішкі және халықаралық тасымалдарды барлық транспорт түрлері бойынша орындайды және логистика бойынша кең қызметтер ассортименттерін ұсынады. 20 жылдық тарихы бар компания замауни тарнспорттаудың барлық қиындықтарын еңсеріп, отандық нарықтағы өз орнын сәтті айқындай білді.



7P

Тауар

«Green Logistics» компаниясы өз тұтынушыларына тауарды дәл мерзімде белігілі бір тағайындау орнына жоғары сапада жеткізумен айналысады. Яғни ол қызмет көрстеуші компания болып саналады. Негізгі қызмет көрсету сферасы-кез келген тауарларды кез келген нүктеге кез келген транспорт түрімен жеткізу

Баға

Әр тауардың өзіндік ерекшеліктері болуына сай, компания жеткізілетін жүк түрлеріне сәйкес сәйкесінше баға тағайындайды. Алайда бұл жерде тек компания пайдасы ғана емес, тұтынушы пайдасына орай да бағалар икемді боолып келеді. Егер тауар түрі үлкен тасымалдауға қиын болатын болса және оны өте тез мерзімде жеткізу керек болса, бағасы да жоғары болады.



Жылжыту

Компания жылжытудың бірнеше түрлерін қолданады. Ең әуелі компания туралы жарнаманы сіз интернеттен, сондай ақ теледидарлардан көре аласыз. Бұл жарнама түрлері өте эффективті болып табылады. Және тұтынушыларды ынталандыру үшін кейде жеңілдіктер де жасалып отырады. Бұл да жылжытуға жатады деп айтсақ болады.

Орын

Аталмыш компания Алматы қаласында, орталықта, «Нұрлы тау» бизнес орталығында орналасқан. Ол өте ыңғайлы. Себебі егер сіз осы офиске келсеңіз бизнес орталықтағы орналасқан өзге де жұмыстарыңыз болса соғып кете аласыз. Және заманауи ғимарат сенімділік ұялатады.



Адамдар

«Green Logistics» компаниясы қызметтерін көбіне тауар өндіруші компаниялар яғни заңды тұлғалар және сондай ақ жеке тұлғалар да қолдана алады.

Үрдіс

Қажетті тауарды межелі жерге жіберу үшін компания офисіне келіп, тауар түрін, белгіленген межелі жерді сипаттап бересіз. Ары қарай транспорт түрін, маршрутты компания өзі анықтайды. Бағасы да сол жерде келісіледі.



Физикалық орта

Компания ,жоғарыда айтып кеткендей, өте ыңғайлы жерде орналасқан.Ол да өз кезегінде компанияның имиджіне және жұмыс атқаруына өз әсерін тигізеді.

